

2019 жылғы 29 қарашада
Астана қаласы мен Ақмола облысының
білім және ғылым қызметкерлері
кәсіподағының кезектен тыс
XXIX облыстық конференциясында
бекітілген

**«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САЛАЛЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІПТІК ОДАҒЫНЫҢ
АСТАНА ҚАЛАСЫ МЕН АҚМОЛА ОБЛЫСТЫҚ ҰЙЫМЫ»
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ
Ж А Р Ғ Ы С Ы**

Көкшетау қаласы

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Нұр -Сұлтан қаласы мен Ақмола облысы білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» (әрі қарай – Кәсіподақ) – қызметі мен меншік түріне қарамай түрлі білім ұйымдарында, білімді басқару органдарында, білім және ғылым кәсіпорындары мен мекемелерінде жұмыс істейтін, кәсіптік және техникалық, орта білімнен кейінгі, жоғары және оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылар азаматтарды ерікті түрде біріктіретін дербес, тәуелсіз, коммерциялық емес ұйым. Кәсіподақ өзінің қызметін Нұр -Сұлтан қаласы мен Ақмола облысының аумағына таратады, өңірлік қоғамдық бірлестік болып табылады.

Ұйымдық-құқықтық түрі – қоғамдық бірлестік. Іс-әрекет мерзімі шектелмеген. Кәсіподақтың тұрақты түрде әрекет ететін басшы органының мекенжайы: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 112.

1.2. Кәсіподақ өз қызметі барысында атқарушы билік органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, жұмыс берушілерге, олардың бірлестіктеріне (одақтарға, ассоциацияларға), саяси партияларға және басқа да қоғамдық ұйымдарға тәуелді емес, оларға есеп бермейді және бақылауға алынбайды. Кәсіподақ олармен қарым-қатынасты теңқұқылық, әлеуметтік серіктестік және өзара іс-қимыл негізінде, сондай-ақ кәсіподақ мүшелерінің мүдделері үшін ұжымдық шарттар, келісімдер, диалог пен ынтымақтастық негізінде құрады.

1.3. Кәсіподақ қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңдарымен, басқа да заң актілерімен, осы Жарғымен реттеледі.

1.4. Кәсіподақ - заңды тұлға болып табылады, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттары, өзінің атауы жазылған мөрі, мөртабаны, бланкілері бар.

1.5. Кәсіподақ қызметінің негізі мынандай демократиялық қағидалар болып табылады:

- Кәсіподаққа өз еркімен мүше болу;
- еңбекшілердің кәсіподақ ұйымдарын құруға құқылығы;
- Кәсіподақ ұйымдарының өзінің ішкі ұйымдық құрылымын, қызметінің басым бағыттарын, Кәсіподаққа қатысын анықтауда, басқа кәсіподақ бірлестіктерімен бірігіп іс-қимыл жүргізу мақсатында келісімдер мен шарттар жасауда, егер бұл осы Жарғыға қайшы келмесе дербес болуы;
- Кәсіподақтың басшы органдарын қалыптастыруда кәсіподақ ұйымдарының тең құқылығы;
- барлық кәсіподақ органдарының төменнен жоғарыға қарай сайлануы, олардың мерзімді есептілігі;
- Кәсіподақ Жарғысында, филиалдар туралы Ережелерде белгіленген міндеттерді орындаудағы жауапкершілігі мен тәртіптілігі.

1.6. Кәсіподақ ұйымы "Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы" ҚБ-нің мүшелік ұйымыболып табылады, өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары және өзге де құқықтық актілеріне, Кәсіподақ Жарғысына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

1.7. Кәсіподақ халақаралық және басқа кәсіподақтық бірлестіктер мен ассоциацияларға кіріге алады.

II. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

2.1. Қызметтің мәні - өз мүшелерінің еңбек, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделеріне өкілдік ету және қорғау болып табылады.

2.2. Негізгі мақсаты:

- жалпы мәселелерді шешуде кәсіподақ мүшелерінің қызметін біріктіру және үйлестіру;

- ұжымдық шарттар мен келісімдер әзірлеу және қабылдау, олардың орындалуына қоғамдық бақылау;
- ұйымдарда еңбек заңдары мен нормативті актілердің сақталуына қоғамдық бақылау;
- еңбеккерлер мен балаларды сауықтыруды ұйымдастыруға көмектесу;
- Кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік және экономикалық жағынан қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысу, құқықтық көмек көрсету және кеңес беру, сотта немесе басқа құқық қорғау органдарында олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- Кәсіподақ құрамына жаңадан мүшелер тарту және жаңадан құрылымдық бөлімшелер құру.
- Кәсіподақ және оның ұйымдары өздерінің мақсаттары мен қызметтік мәнін қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асыру үшін кәсіподақтық және басқа кәсіпорындар, қорлар құруға, қолданыстағы заңдарға қайшы келмейтін кәсіпкерлік, шаруашылық, баспагерлік қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы, өйткені бұл жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге арналады, сондай-ақ өздерінің баспа өнімдерін шығаруға және таратуға құқылы. Нақты мәселелерді шешу үшін, мақсатты бағдарламаларды, талдауларды қаржыландыру және басқа да мақсаттар үшін Кәсіподақ кез келген заңды және жеке тұлғалармен келісім шарттық қатынас жасай алады.

III. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРАЛУ АУМАҒЫ

3.1. Кәсіподақ өндірістік қағидат бойынша құрылады.

Оның құрылымын осы Жарғының аясында, саланың ерекшелігі ескеріліп, бастауыш, аудандық, қалалық кәсіподақ ұйымдары құрайды.

3.2. Нұр -Сұлтан қаласы мен Ақмола облысының аумағында кәсіподақ ұйымы әрекет етеді, ол Кәсіподақтың сайланбалы органдары арқылы жарғылық қызметті жүзеге асырады.

3.3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес аудандық, қалалық кәсіподақ ұйымдары және филиал болғысы келетін бастауыш кәсіподақ ұйымдары заң органдарында тіркеуден өтуге тиіс. Бұл бастауыш ұйымдар аудандық, қалалық кәсіподақ ұйымының құрылымына кірмейді.

Филиалдар құрамына кіретін бастауыш кәсіподақ ұйымдары Кәсіподақтың ішкі құрылымы болып табылады және әділет органдарында тіркеуден өтуге жатпайды.

IV. КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛІГІНЕ ӨТУ ЖӘНЕ ОДАН ШЫҒУ ШАРТЫ МЕН ТӘРТІБІ

4.1. Мекемелер мен ұйымдарда, білім және ғылым кәсіпорнында жұмыс істейтін немесе кәсіптік және техникалық, орта білімнен кейінгі, жоғары және оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылар азаматтар, Кәсіподақ жарғысын мойындайтын және үнемі кәсіподақ жарнасын төлейтін әрбір адам Кәсіподақ мүшесі бола алады.

4.2. Әрбір адам Кәсіподақ мүшелігіне кіру үшін жазбаша өтініші арқылы жеке-жеке қабылданады. Кәсіподақ мүшелігіне қабылдау туралы шешімді бастауыш ұйымның кәсіподақ комитеті қабылдайды. Кәсіподаққа қабылданған адамға белгіленген үлгідегі кәсіподақ билеті беріледі.

4.3. Кәсіподақ өтілі Кәсіподаққа қабылданған күннен бастап есептеледі және жұмыс орны бойынша:

- қарулы Күштер қатарында қызмет ету кезінде;
- бір кәсіподақтан екіншісіне ауысқан кезде;
- баласы үш жасқа толғанша демалыс алып, уақытша жұмыс істемеген кезде;
- кәсіподақтың зейнеткер-мүшелері үшін;
- штаттың қысқаруына, кәсіпорынның жабылуына байланысты жұмыстан босағандар басқа жұмысқа орналасқанша сақталады.

4.4. Кәсіподақ мүшелерін есепке алу бастауыш кәсіподақ ұйымдарында есеп карточкалары бойынша жүзеге асырылады.

4.5. Кәсіподаққа мүше болу жұмыс орнының өзгеруіне байланысты немесе өз өтініші бойынша одан шыққан кезде, сондай-ақ Кәсіподақтан шығарылса, тоқтатылады.

Кәсіподақтан шығу мәселесін Кәсіподақ мүшесінің жеке өтініші негізінде Кәсіподаққа қабылдау құқығы бар органдар қарайды. Кәсіподақтан шығару туралы шешімді, Кәсіподақ мүшесі жарғылық міндеттемелерді ұдайы орындамағанда, сондай-ақ Кәсіподақтың тұтастығын бұзатын іс-әрекет жасаған жағдайда Кәсіподаққа қабылдау құқығы бар органдар қабылдайды.

4.6. Кәсіподақтан шығарылған адам екі ай мерзім ішінде бұл шешімді бұздыру үшін Кәсіподақтың жоғары тұрған органдарына шағым-арыз беруге құқылы. Мұндай арызды бұл органдар арыз түскеннен кейін бір айдың ішінде қарауға тиіс.

4.7. Кәсіподақтан шығып кеткен немесе шығарылған адам кәсіподақтық қорғау, кәсіподақ мүлкін пайдалану құқығынан айрылады. Кіру және мүшелік жарналар қайтарылмайды.

V. КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1.Кәсіподақтың ұйымдары:

5.1.1.өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, сондай-ақ, өз өкілеттігі шегінде, мемлекеттік органдармен жұмыс берушілермен, жұмыс берушілер бірлестіктерімен, өзге де қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда қызметкерлердің өкілдері болуға;

5.1.2. өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа талаптар беруге, медиация жүргізу кезінде, сотта, аралық сотта, өзге органдарда олардың мүдделерін жақтап әрекет етуге, оларға өзге де құқықтық көмек көрсетуге;

5.1.3. мемлекеттік органдарға кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын, олар қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің толық немесе ішінара күшін жою не оларды өзгерту туралы өтініш жасауға;

5.1.4. мемлекеттік органдардың кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын актілері бойынша сотқа шағымдануға;

5.1.5. еңбек дауларын сотқа дейін шешуге қатысуға;

5.1.6. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қазақстан Республикасының медиация туралы заңнамасына сәйкес жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысуға;

5.1.7. еңбек заңдылығына сәйкес кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға;

5.1.8. келіссөздер жүргізуге, келісімдер және ұжымдық шарттар жасасуға;

5.1.9. ақша қорларын қалыптастыруға;

5.1.10. еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комитет(комиссия) құрамында еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жаракаттану мен кәсіби науқастанудың алдын алу бойынша, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайы мен еңбекті қорғауға тексерулер жүргізу бойынша жұмыс берушімен бірлескен іс-қимылдарды ұйымдастыруға;

5.1.11. азаматтардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға;

5.1.12. келісімдер мен ұжымдық шарттарға сәйкес еңбекті қорғау мен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, өз өкілдері арқылы кәсіподақ мүшелерінің жұмыс орындарына барып, оны зерделеу мен оңтайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету шараларын қабылдауға;

5.1.13. Қазақстан Республикасының заңдылығымен белгіленген тәртіппен ереуілдер, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар ұйымдастыруға және өткізуге;

- 5.1.14. Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнаманы бұзатын, келісімдерге және ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындамайтын тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;
- 5.1.15. баспа қызметімен айналысуға, өз жұмысын баспасөзде және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде мекемелерде жария етуге;
- 5.1.16. меншіктегі мүлікті иемденуге, пайдалануға және иелік етуге;
- 5.1.17. жарғылық мақсаттарға сәйкес өз мүшелерінің мүддесі үшін өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға;
- 5.1.18. жоғары тұрған кәсіподақ органдарының салалық келісімді, өзге де келісімдерді әзірлеу мен жасау қызметіне және ұсыныс енгізуге;
- 5.1.19. жоғары тұрған кәсіподақ органдарына кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін заң шығарушы (өкілетті), атқарушы және сот билігін жүргізуші мемлекеттік органдарда қорғау туралы ұсыныс енгізуге;
- 5.1.20. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарының қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен білімгерлердің әлеуметтік құқықтарына қатысты заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларына ұсыныстар әзірлеу жұмысына қатысуға;
- 5.1.21. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарына бұқаралық акциялар, оның ішінде митингтер, шерулер, демонстрациялар мен пикеттер ұйымдастыру, сондай-ақ Кәсіподақтың облыстық (қалалық) ұйымымен өткізілетін ұжымдық әрекеттерге Кәсіподақтың қолдауын көрсету туралы ұсыныстармен шығуға;
- 5.1.22. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарының қарауына ұсыныстар мен құжаттар жобаларын енгізуге, олардың қаралу нәтижелері бойынша ақпарат алуға.

5.2. Негізгі міндеттері:

- 5.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасын, Кәсіподақ Жарғысын, осы Жарғыны және жоғары тұрған кәсіподақ органдарының, өз құзыреті аясында, қабылдаған шешімдерін сақтауға;
- 5.2.2. кәсіподақты ұйымдық нығайту және жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру жұмыстарын жүргізуге;
- 5.2.3. ұжымдық шарт, салалық, өңірлік, бас келісімдер бойынша міндеттемелерді орындауға;
- 5.2.4. Кәсіподақтың қызметін қолдауға, Кәсіподақтың ұжымдық әрекеттерді ұйымдастыру мен өткізуіне атсаласуға және ынтымақтастық білдіруге;
- 5.2.5. Кәсіподақ Жарғысымен белгіленген тәртіп, мерзім мен мөлшерге сәйкес кәсіподақтың мүшелік жарналарды аудару жөніндегі шешімдердің орындалуын қамтамасыз етуге;
- 5.2.6. жоғары тұрған тиісті кәсіподақ органдарына кәсіподақ мүшелерінің, кәсіподақ ұйымдарының саны, жоғары тұрған кәсіподақ органдарымен белгіленген өзге де статистикалық мәліметтер мен есептелікті беріп тұруға;
- 5.2.7. конференция, сайланбалы алқалы органдарының қарауына жоғары тұрған кәсіподақ органдарымен ұсынылған сұрақтарды енгізуге;
- 5.2.8. Кәсіподаққа нұқсан мен шығын келтіретін әрекеттерге жол бермеуге;
- 5.2.9. өкілеттік шегінде әлеуметтік-еңбек жанжалдарының алдын алу жөнінде шаралар қолдануға;
- 5.2.10. кәсіподақ мүшелерінің заңнамада белгіленген ереуілдер, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, демонстрациялар мен өзге де акциялар ұйымдастыру және өткізу тәртібін сақтауын қамтамасыз етуге;
- 5.2.11. кәсіподақ мүшелері арасында олардың құқықтық, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздері бойынша сауаттылығын арттыру, еңбек дауларында келіссөздер жүргізе алуды дамыту және пәтуаға қол жеткізу жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізуге;
- 5.2.12. қызметкерлердің ішкі еңбек тәртіптемесі мен еңбек тәртібі қағидаларын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауына жәрдемдесуге;
- 5.2.13. кәсіподақтардың аумақтық бірлестіктерінің жарғылары мен ережелеріне сәйкес қызметіне қатысу;

5.2.14. Кәсіподақ Жарғысымен және осы Жарғыда белгіленген шарттар мен тәртіп бойынша кәсіподақ мүшелеріне қаржының түсуі және жұмсалуды туралы ақпарат беруге міндетті;

5.2.15. Мемлекет, оның органдары және ұйымдары Кәсіподақтың міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні сияқты, Кәсіподақ та ұжымдық шарттардан туындайтын міндеттемелері, мемлекеттік және басқа органдардың міндеттемелері бойынша мүлктік тұрғыда жауапты болмайды.

5.3. Кәсіподақ мүшелері:

5.3.1. Кәсіподақ және оның органдары тарапынан өзінің еңбек, кәсіби, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерінің мемлекеттік өкімет органдарында, жұмыс берушінің алдында қорғалуына;

- Кәсіподақ органдарын сайлауға және оған сайлануға;

- Кәсіподақтың қолдауы мен қорғауын пайдалануға, кез келген кәсіподақ ұйымына шеше алмай жүрген мәселелерімен, өтініштерімен, ұсыныстарымен баруға;

- заңдық кеңес, құқықтық көмек алуға, кәсіподақ тарапынан мемлекеттік және сот органдарында қорғалуға;

- ұжымдық шарттарға (келісімдерге) сәйкес еңбек ұжымы мүшелеріне берілетін басқа да құқықтар мен жеңілдіктерді пайдалануға құқылы.

5.3.2. Кәсіподақ мүшесі Кәсіподақтағы белсенді жұмысы үшін Құрмет грамотасымен марапаттала алады, моральдық және материалдық ынталандырудың басқа түрлерімен көтермеленеді.

5.4. Кәсіподақ мүшесі:

- осы Жарғыны сақтауға, Кәсіподақ ұйымының және жоғары тұрған кәсіподақ органдарының тапсырмалары мен шешімдерін орындауға;

- белгіленген тәртіппен ұдайы кәсіподақ жарнасын төлеуге;

- Кәсіподақтың бірлігі мен тұтастығы үшін қамқорлық жасауға;

- Кәсіподақтың шешімі бойынша акциялар мен басқа да ұжымдық іс-әрекеттерге қатысуға міндетті.

VI. КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫ МЕН ОНЫҢ БАСШЫ ОРГАНДАРЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЫ

6.1. Кәсіподақтың жоғары басқарушы органдары:

- бастауыш ұйымдар үшін – жиналыс;

- қалалық, аудандық ұйымдар үшін – қалалық, аудандық конференция;

- Кәсіподақ үшін – конференция болып табылады.

6.2. Кәсіподақ жиналыстары қажеттілігіне қарай кем дегенде жарты жылда бір рет, қалалық, аудандық конференциялар және конференциялар кем дегенде - 5 жылда бір рет өткізіледі.

6.3. Ағымдағы жұмысты жүргізу үшін бастауыш ұйымның Кәсіподақ жиналысы өз комитетін сайлайды.

6.4. Кәсіподақтың қалалық, аудандық ұйымдарының қалалық, аудандық кәсіподақ конференциялары сайланбалы басшы органдарды – Комитеттерді, Кеңестерді сайлайды; Конференция – Кәсіподақ Өңіраралық Кеңесті (әрі қарай – Өңіраралық Кеңес), Кәсіподақтың тиісті сайланбалы органдарының ішкі кәсіподақтық бақылау және тексеру комиссияларын, қаржы қызметін бақылайтын комиссияларды сайлайды.

6.5. Кәсіподақтың барлық деңгейдегі сайланбалы басшы органдарының отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде 2 рет, егер осы Жарғыда басқаша көрсетілмесе, өткізіледі.

6.6. Отырыстардың аралығында ағымдық оперативті жұмыс үшін сайланбалы басшы органдар тиісті Президиумдар (Аткомдар) құра алады.

6.7. Сайланбалы органдардың жұмыс регламенті олары сайлаушы жиналыста, қалалық, аудандық конференцияда, конференцияда бекітіледі.

6.8. Сайланбалы кәсіподақ органдарын қалыптастыру олардың мүшелерін тиісті қалалық, аудандық конференцияларда, конференцияда сайлау арқылы немесе белгіленген квота бойынша осы сайланбалы басшы органның мүшелерін қайтарып және ауыстырып алу құқығы арқылы төмен тұрған кәсіподақ ұйымдарының тікелей делегаттар жіберу қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

6.9. Кәсіподақ органдарын сайлау:

- кәсіподақ ұйымдастырушылары, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ комитеті – екі және үш жылда 1 рет;
- қалалық, аудандық кәсіподақ және Кәсіподақтың басшы органдары – бес жылда 1 рет сайланады.

Кәсіподақтың барлық сайланбалы органдарының өкілеттігі осы мерзімге белгіленеді.

6.10. Кез келген кәсіподақ органын мерзімінен бұрын сайлау Кәсіподақтың кәсіподақ ұйымдары біріктіретін мүшелерің, немесе филиалдың құрылымдық бөлімшелерінің жартысынан көбінің талаптары немесе жоғары тұрған кәсіподақ органының негізделген ұсынысы бойынша өткізіле алады.

6.11. Кәсіподақ төрағасы, филиал басшысы қалалық, аудандық конференциялар аралығында осы Жарғыға қайшы келетін әрекеттері үшін тиісті кәсіподақ органының отырысында жұмыстан босатыла алады.

6.12. Кәсіподақ органдарын сайланған кезде дауыс берудің тәртібін, сандық құрамын және түрін (ашық немесе жасырын) жиналысқа қатысушылар, қалалық, аудандық конференциялардың мүшелері, кәсіподақ органының мүшелері белгілейді.

6.13. Қалалық, аудандық конференцияға делегаттар сайлау өкілдігінің және тәртібінің мөлшерін тиісті кәсіподақ органы белгілейды.

6.14. Қалалық, аудандық кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, Кәсіподақ төрағасы, сондай-ақ тексеру комиссиясының төрағалары тиісінше қалалық, аудандық конференциялардың делегаттары болып табылады.

6.15. Кәсіподақтың сайланбалы органдарының кәсіподақ жиналыстары, отырыстары (президиумы) егер оларға Кәсіподақ ұйымы немесе сайланбалы органдар мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, өкілетті болып саналады.

Кәсіподақтың қалалық, аудандық конференцияларына, конференцияға сайланған делегаттардың үштен екісінен кем емесі қатысса, ол өкілетті болып саналады.

6.16. Қалалық, аудандық конференцияларға, кәсіподақ конференциясына сайланған делегаттардың жиналыста жартысынан көбі дауыс беретін болса, кворум болған жағдайда жиналыстың кезкелген шешімі (осы Жарғыда көрсетілген жағдайлардан басқа) қабылданды деп саналады.

БАСТАУЫШ КӘСПОДАҚ ҰЙЫМЫ

6.17. Бастауыш кәсіподақ ұйымы Кәсіподақтың біртұтас ұйымдастыру құрылымының негізі болып табылады. Оны кәсіподақтың өкілетті органы бір кәсіпорында, мекемеде істейтін Кәсіподақтың кем дегенде 5 мүшесі болған жағдайда құрады.

Бастауыш кәсіподақ ұйымы Кәсіподақтың ішкі құрылымы болғандықтан Кәсіподақтың өкілетті органының сенім хаты негізінде банк мекемелерінде шоттар ашуға, белгілінгін үлгідегі мөрі, бланкілері болуға құқылы.

6.18. Бастауыш ұйым Кәсіподақ конференциясының шешімімен Кәсіподақ филиалы ретінде (егер бастауыш ұйымның мүшелері сондай өтініш білдірсе) құрыла алады, бұл жағдайда ол аумақтық әділет органдарында тіркелуге тиіс және ол Ереже негізінде әрекет етеді: банкіде есеп-шот ашады, белгіленген үлгідегі мөрі, мөртабаны, бланкілері болады. Мұндай жағдайда бастауыш кәсіподақ ұйымы филиалға кірмейді.

ҚАЛАЛЫҚ, АУДАНДЫҚ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫ

6.19. Қалалық, аудандық кәсіподақ ұйымдары Кәсіподақтың филиалы болып есептеледі. Ол филиалдық құқықтары жоқ үш немесе одан да көп бастауыш кәсіподақ ұйымдары Кәсіподақ конференциясының шешімімен құрылады.

6.20. Қалалық, аудандық кәсіподақ ұйымы аумақтық әділет органдарынан ол жөніндегі Ережеге сәкес тіркеуден өткеннен кейін, банктен өз шотын ашуға, белгіленген үлгідегі мөрі, бланктері, мөр табаны болуға құқылы.

6.21. Бастауыш және қалалық, аудандық кәсіподақ ұйымдарының және олардың сайланбалы органдарының қызметі Кәсіподақ конференциясы бекіткен кәсіподақ жөніндегі Ережеге сәйкес реттеледі. Оған Кәсіподақтың өкілетті органдары редакциялық сипаттағы өзгерістерді енгізе алады.

6.22. Тіркелген Кәсіподақ филиалдарының төрағалары Кәсіподақ Жарғысы мен филиалдар туралы Ережелерден туындайтын барлық іс-әрекеттерін заңды тұлға – кәсіподақ берген өкілеттік мерзім ішінде жүзеге асырады. Филиалдардың төрағалары қалалық, аудандық конференцияларда жай көпшілік дауыспен сайланады.

КӘСІПОДАҚТЫҢ ЖОҒАРЫ ОРГАНДАРЫ

6.23. Кәсіподақтың жоғары органы бес жылда бір рет Кәсіподақтың өкілетті органымен шақырылатын конференция болып табылады. Конференцияның шақырылатыны туралы және оның күн тәртібі кем дегенде бір ай бұрын жарияланады. Өкілдік норманы және делегаттарды сайлау тәртібін Кәсіподақтың өкілетті органы анықтайды.

КОНФЕРЕНЦИЯ:

-Кәсіподақтың ұйымымен негізгі қызметінің бағыттарын айқындайды, кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғаудың маңызды сұрақтарын қарайды;

- өкілетті органның және Бақылау-Тексеру комиссиясының жұмысы туралы есепті тыңдайды және талқылайды, олардың жұмысына баға береді;

- Кәсіподақтың іс-әрекет бағдарламасын және кезекті міндеттерін анықтайды;

- Кәсіподақ Төрағасын, Тексеру комиссиясын сайлайды;

- қайта құру, бөліну, басқа кәсіподақтарға қосылу, Кәсіподақ қызметінің тоқтатылуы (таратылуы) туралы шешімдер қабылдайды;

- Кәсіподақтың құрылтайшы құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізеді;

- Кәсіподақты өз еркімен қайтақұрады және таратады;

- Кәсіподақтың құзырын, ұйымдық құрылымын, қалыптастыру тәртібін және басқару органдарының өкілеттігін тоқтатуын анықтайды;

- атқарушы органдардың қаржылық есебінің мерзімділігін және тәртібін анықтайды, сондай-ақ бақылаушы органның тексеріс жүргізу тәртібін және оның нәтижесін бекітеді;

- заңнамалық актілермен белгіленгендей, Кәсіподақ басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өздерінің филиалдары мен өкілдіктерін құруға қатысты шешімдерді қарастырады;

- Кәсіподақтың кезектен тыс конференциясын Өңіраралық Кеңес немесе оның мүшелік ұйымдарының жартысынан кем емес бөлігінің талабы бойынша шақырады.

ӨҢІРАРАЛЫҚ КЕҢЕС

6.24. Кәсіподақтың басшы (уәкілетті) органы - Кәсіподақ конференциясы 5 жылға - өкілетті мерзімге сайлаған Өңіраралық Кеңес болып табылады. Өңіраралық Кеңестің отырысы (Президиум) қажетіне қарай, кем дегенде жылына екі рет өткізіліп тұрады және оның құрамына сайланған мүшелердің тең жартысынан көбі қатысқанда отырыс өткізу құқығына ие болады. Сандық құрамын конференция анықтайды.

6.25. Өңіраралық Кеңес:

- Кәсіподақ конференциясы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады және бақылайды;
- Кәсіподақтың мақсаты мен міндеттерінің іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- Кәсіподақ филиалдарының қызметтерін біріктіреді және үйлестіреді, жалпы кәсіподақтық іс-шаралар мен акцияларды ұйымдастырады;
- Кәсіподақ конференциясының алдында өз қызметі туралы есеп береді;
- мемлекеттік билік органдарында, құқық қорғау органдарында Кәсіподақ мүшелерінің мүддесін қорғайды;
- Кәсіподақ бюджетінің бір жылдық шығынының сметасын бекітеді;
- ішкі еңбек тәртіптемесін ұйымдастыру бойынша ұсыным құжаттарын қабылдайды;
- Кәсіподақ филиалдарының статистикалық және қаржылық есеп беру нысаны мен мерзімін анықтайды;
- Жарғы мен Өңіраралық Кеңес шешімдерінің орындалуы туралы филиал басшыларының есептерін, ақпаратын тыңдайды;
- басқа салалық және аумақтық кәсіподақ ұйымдарымен өзара іс-қимылда жұмыс істейді;
- басқа мемлекеттердің кәсіподақ ұйымдарымен халықаралық байланысты дамытады;
- Төрағаның орынбасарын сайлайды.
- конференциялар карауына ұсынылатын құжаттар жобаларын дайындауды ұйымдастырады, жобалық күн тәртібін, өкілеттік мөлшерді, өткізілетін күнін бекітеді;
- есеп беру-сайлау науқанын өткізу мерзімі туралы шешімді қабылдайды.

6.26. Жедел және күнделікті жұмыстарды жүргізу үшін Өңіраралық Кеңес Президиумды сайлайды, оның құрамына қызметі бойынша Кәсіподақ Төрағасы және оның орынбасары кіреді. Президиум отырысы қажетіне қарай, бірақ бір жылда кем дегенде 4 рет өткізіліп, оған Президиум құрамына сайланған мүшелердің тең жартысынан көбі қатысқанда Президиум отырысын өткізуге құқылы болады.

6.27. Өңіраралық Кеңес пен оның Президиумының жоғарыда аталған және басқа да құқықтары мен өкілеттіктерінің іске асырылу механизмі тиісті жұмыс Регламентімен реттеледі.

КӘСІПОДАҚ ТӨРАҒАСЫ:

- жарғылық мақсаттың, конференция шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- конференция алдында есеп береді, ал конференциялар аралығында - Өңіраралық Кеңестің алдында есеп береді;
- Өңіраралық Кеңестің, Президиумның жұмыстарына басшылық жасайды, жалпысалалық міндеттер мен мәселелерді шешуде Кәсіподақ филиалдарының жұмысына көмектеседі;
- мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Қазақстан Республикасының кәсіподақ Федерациясында, халықаралық ұйымдарда Кәсіподаққа өкілдік етеді;
- қажетті жағдайларда Кәсіподақ атынан мәлімдеме жасайды, үндеулер мен өтінімдер жібереді;
- жұмыс берушілер бірлестіктерімен, басқа да мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен, кәсіподақ бірлестіктермен Келісімдер мен шарттарға қол қояды;
- конференция анықтаған өкілеттілік шегінде Кәсіподақтың мүліктеріне (қаржысына) иелік етеді;
- Кәсіподақ аппаратына басшылық жасайды, аппараттың жалдамалы қызметкерлерімен жеке еңбек шартын жасайды және бұзады, Өңіраралық Кеңес аппаратындағы, кәсіподақ филиалдарының аппаратындағы ішкі еңбек тәртіптемесі Ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

- кадр саясатын жүзеге асырады, қажет жағдайларда сайланбалы кәсіподақ органдарына филиалдардың лауазымды тұлғаларын жауапкершілікке тарту жөнінде, олардың жұмыстан шығарылуына дейін ұсыныстар жасайды;
 - өкімдер шығарады;
 - Кәсіподақ атынан сенімхат береді;
 - Өңіраралық Кеңес тапсырған басқа да міндеттерді атқарады.
- 6.28. Кәсіподақ төрағасы жоқ кезде оның өкілеттігін орынбасары жүзеге асырады.
- 6.29. Төрағаның орынбасары өз қызметін белгіленген міндеттерге сәйкес жүзеге асырады.

VII. КӘСІПОДАҚТЫҢ МҮЛКІ (ҚАРАЖАТЫ) ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

- 7.1. Кәсіподақтың меншік иесі ретінде өз мүлкі (қаражаты) болады. Кәсіподақтың меншігінде өз ғимараты, құрал-жабдықтары, керек-жарақтары, мәдени-сауықтыру және спортқа арналған мүліктері, сондай-ақ ақшасы, акциялары және басқа да құнды қағаздары, жарғылық қызметтерді қамтамасыз етуге арналған өзге де мүліктері болуы мүмкін.
- 7.2. Кәсіподақтың мүлкі оның жеке меншігі болып табылады. Меншікке иелік ету, пайдалану және өкімдік ету тәртібі қолданыстағы заңнамамен белгіленеді.
- 7.3. Бастауыш, қалалық және аудандық ұйымдар (Кәсіподақтың филиалдары) Кәсіподақ пайдалануға берген мүліктерге қожалық ете алады.
- 7.4. Кәсіподақтың мүлкі (қаражаты) мүшелікке кіру және ай сайынғы мүшелік жарналардан, шаруашылықтан, кәсіпкерлік қызметтен және басқа да қолданыстағы заңдарға қайшы келмейтін көздерден түскен кірістерден құралады.
- 7.5. Кәсіподақта ай сайынғы мүшелік жарна және мүшелікке кіру жарнасы жұмыс істейтіндердің айлық еңбекақасының барлық түрлерінің бір пайызының көлемінде белгіленеді. Жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен жәрдемақы алушылардың зейнетақылары мен жәрдемақы алушылардың зейнетақылары мен жәрдемақыларының 0,5 пайызы көлемінде тағайындалады.
- 7.6. Мүшелік жарналар қолма-қол төленеді немесе Кәсіподақ мүшесінің өтініші бойынша еңбекақысынан ұсталады.
- 7.7. Мүшелік жарналардан және басқа да көздерден түскен қаражатты кәсіподақ органдары осы Жарғыда қарастырылған қызметті қамтамасыз ету үшін жасалған сметаға сәйкес жұмсайды.
- 7.8. Жоғары тұрған кәсіподақ органдарына жылына бір рет қаржылық есеп беріп отырады.
- 7.9. Өзінен жоғары тұрған органдары қаржыландыруды өз шешімдерімен себепсіз тоқтатқан кәсіподақ ұйымдарын Кәсіподақ үш ай мерзім ішінде оларды қорғау қызметін тоқтатады.
- 7.10. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің төрағалары кәсіподақтың мүшелік жарналарының толық төленуін және ол қаржының міндетті түрде аударылуына тікелей жауап береді.
- 7.11. Мүлікті басқару бойынша Кәсіподақ пен оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдар мен өкілдіктер) құқығы ҚР қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
- 7.12. ҚБ Филиалдары және бастауыш кәсіподақ ұйымдары мүшелік жарналығы жалпы жиынының 25% "Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Нұр -Сұлтан қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы" ҚБ шотына аударады, соның ішінде жалпы төлемнің 5% Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағының шотына аударылады.

VIII. КӘСПОДАҚТЫҢ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

8.1. Кәсіподақтың бақылау-тексеру комиссиясы Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдарының) өкілдерінің конференциясында 5 жыл мерзімге сайланған дербес бақылау-тексеру органы болып табылады. Тексеру комиссиясының сандық құрамын Кәсіподақтың конференциясы анықтайды.

Бақылау - Тексеру комиссиясы өз өкілеттігін осы Жарғыға және Кәсіподақтың конференциясы бекіткен Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

8.2. Бақылау -Тексеру комиссиясы өз құрамынан Бақылау -Тексеру комиссиясының Төрағасын және оның орынбасарын сайлайды. Дауыс беру түрін (ашық немесе жасырын) Бақылау -Тексеру комиссиясы белгілейді.

8.3. Кәсіподақ органдары Бақылау -Тексеру комиссиясының талабы бойынша тексеруге қажетті құжаттарды беруге міндетті.

8.4. Бақылау -Тексеру комиссиясының анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі ұсынысы тексерілген кәсіподақ органы үшін міндетті және ол бір ай мерзім ішінде қаралуға тиісті.

8.5. Бақылау -Тексеру комиссиясының төрағасы Өңіраралық Кеңес отырыстарында дауыс құқығына ие болады.

IX. КӘСПОДАҚ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1. Кәсіподақ Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасау құқығы:

- Кәсіподақ мүшелеріне;
- бастауыш кәсіподақ ұйымдарына;
- Кәсіподақтың сайланбалы органдарына беріледі.

9.2. Кәсіподақ конференциясы Кәсіподақ Жарғысын және оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекітеді.

9.3. Бастауыш кәсіподақ органдары мүшелерінің алдын ала талқылауынан кейін кем дегенде үштен бірінің қолдауымен Жарғыға кәсіподақ қызметінің негізгі қағидаларына қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы жазбаша талап түссе, ол 4 айдан кешіктірілмей Кәсіподақ конференциясының қарауына ұсынылады.

9.4. Жарғының негізіне қатысты өзгертулер туралы шешім конференция делегаттарының кем дегенде екіден үш бөлігі қолдап дауыс берсе қабылданған болып есептеледі. Басқа жағдайларда шешім көпшілік дауыспен қабылданады.

9.5. Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеледі.

X. КӘСПОДАҚТЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

10.1. Кәсіподақтың қайта құрылуы немесе таратылуы туралы шешім қабылдауға Кәсіподақ конференциясының ғана құқығы бар.

10.2. Қайта құру заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

10.3. Қайта құрылған жағдайда Кәсіподақтың барлық құқықтары мен міндеттері конференция белгілеген құқықтық мираскорға ауысады.

10.4. Кәсіподақ қызметі конференцияның, сондай-ақ соттың шешімімен тоқтатылады.

10.5. Кәсіподақтың таратылуы туралы мәселе кәсіподақ мүшелерінің үштен екі бөлігін құрайтын кәсіподақ ұйымдарының кем дегенде тең жартысының талап етуімен, жазбаша талап түскен күннен бастап есептегенде 3 ай мерзім ішінде конференцияның қарауына беріледі.

10.6. Шешім қабылданады, егер:

-Кәсіподақты қайта құруға конференция делегаттарының саны жеткілікті болып, оның үштен екісі қолдап дауыс берсе;

-Кәсіподақты таратуға конференция делегаттарының саны жеткілікті болып, оның $\frac{3}{4}$ қолдап дауыс берсе шешім қабылданған болып саналады.

10.7. Кәсіподақты тарату жөнінде шешім қабылданса, конференция тарату комиссиясын құрады, оның құрамына Кәсіподақтың Тексеру комиссиясының мүшелері де кіреді.

10.8. Тарату комиссиясы мүліктердің бар-жоғын анықтайды. Тарату комиссиясының есебі Кәсіподақтың конференциясында бекітіледі. Қалған қаржы мен мүлік Кәсіподақтың Жарғысында көзделеге мақсаттарға жұмсалады.

10.9. Бизнес-сәйкестендірмелік нөмірлердің Ұлттық реестрге Кәсіподақ қызметінің тоқтатылғаны туралы жазба енгізілгеннен кейін ғана Кәсіподақ таратылды, ал Кәсіподақ қызметі тоқтатылды деп есептеледі.

10.10. Осы Жарғы өзгертулермен және толықтырулармен Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

**«Қазақстандық салалық білім және
ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының
Нұр -Сұлтан қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» ҚБ
Төрағасы**

Б.К. Абдрахманов